



ЕРЛІК ДАҢҚЫ  
ӨШПЕЙДІ

6-БЕТ | ЖЕҢІС КҮНІ



АҚМОЛАДА  
ЖАСАҚТАЛҒАН

8-БЕТ | ЖЕҢІС КҮНІ



ЕГЕУЛІ НАЙЗА

9-БЕТ | ЗЕРДЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз.

№53-54  
(4487)  
Сенбі  
6 мамыр  
2023 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МАМЫР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ!

## ЕЛІҢЕ ҚОРҒАН БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ



Астанада Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай 50-ден аса түрлі мерекелік іс-шара өтеді.

Жеңіс күні – 9 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым ету шарасы, гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді. 6-9 мамыр аралығында елорданың барлық ауданында естелік төсбелгілері мен Жеңіс лентасы таратылады. ҚР Әскери-патриоттық музейінде мектеп оқушыларына тегін экскурсиялар ұйымдастырылады.

12

### Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 9 мамыр – еліміздің төл тарихындағы қастерлі күн. Бұл – жанын пидә еткен аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым етіп, алғыс айтатын күн. Фашизмге қарсы сұрапыл соғыста халқымыз күш-жігерін сарп етіп, орасан зор шығынға ұшырағанын жадымызда мәңгілік сақтаймыз. Майдангерлердің қаһармандығы мен қайсарлығының,

тыл еңбеккерлерінің жанкештілігінің арқасында бүгінде бейбіт күнде өмір сүріп жүрміз.

Ел басына күн туғанда жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз! Баршаңызға зор денсаулық, амандық және бейбіт өмір тілеймін! Жеңіс күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



5 МАМЫР, 2023 ж.



### ҚУАТТЫ АРМИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа алдымен әскери қызметшілердің бірыңғай киім үлгісі таныстырылды. Бұдан кейін Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Бүкілармиялық кеңес өткізіп, ардагерлер мен сарбаздарды Отан қорғаушы күнімен құттықтады. Жоғарғы Бас қолбасшы құттықтау сөзінде Қарулы Күштеріміз мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, туған елдің тәуелсіздігін және бейбіт өмірін қорғау қасиетті парыз екенін атап өтті.

3

### АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ

Жеңіс күніне орай астаналық майдангерлер біржолғы төлем алды. Олардың қатарында соғыс ардагерлері, өзге мемлекеттер аумағындағы әскери қимылдарға қатысқандар, тыл еңбеккерлері бар.

Бүгінде елордада Екінші дүниежүзілік соғыстың 10 ардагері тұрады. Жеңіс күніне олардың әрқайсысына біржолғы төлем ретінде 1,5 миллион теңгеден берілді.

Жеңілдіктер бойынша Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілген 436 адам 120 750 теңгеден алады.

Сонымен қатар тәжік-ауған учаскесінде, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясында, Таулы Қарабақта этносаралық қақты-

ғысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге 120 750 теңге мөлшерінде төлем қарастырылған.

Тыл еңбеккерлері, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы, қайтыс болған Екінші дүниежүзілік соғыс мүгедектерінің жұбайлары 9 мамырға орай 37 950 теңге мөлшерінде төлем алады.

Осылайша Жеңіс күніне орай 3 671 адам жалпы сомасы 264,4 млн теңге болатын біржолғы төлем алды.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 492.22 \$ USD/KZT 445.29 ₸ RUB/KZT 5.69 ¥ CNY/KZT 64.39

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

## ОТАН ҚОРҒАУ – БИІК МӘРТЕБЕ

Президент мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы және Жеңіс күнімен құттықтап, жыл сайын қатар атап өтілетін қос мереке Отан үшін от кешкен аға буын мен егемен елдің сарбаздары арасындағы сабақтастықты білдіретініне назар аударды.



«Қазақ – даңқты тарихын ат тұяғымен жазған халық. Біз ұлан-ғайыр жерін жауға бастырмаған батыр елдің ұрпағымыз. Алапат соғыста жеңіске жеткен қаһарман ерлердің ізбасарымыз. Қазір еліміздің күштік құрылымдары Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай күзетіп тұр. Отанымыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Сондай-ақ өмір жолын әскери қызметке арнаған мамандардың кәсіби міндеті. Қазақстан – бейбіт мемлекет. Біз барлық елдер-

мен достық қатынас орнаттық. Мемлекеттер арасындағы кез келген мәселені бейбіт жолмен шешу керек деп санаймыз. Дегенмен қамсыз отыруға болмайды. Барлық жағдайға сақдай сай болуымыз айрықша маңызды. Еліміздің қорғаныс және қауіпсіздік саласын күшейту – басты міндеттің бірі» деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің қорғаныс қабілетін күшейту, ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету еліміздің мызғымас ба-

сымдықтары екенін атап өтті. «Мемлекет күштік құрылымдарға көрсетілетін қолдауды дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Инфрақұрылым, материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау мәселелері кезең-кезеңмен жақсарып, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктер артып келеді. Әскери қызметшілер, арнаулы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, күштік құрылымдардың ардагерлері әрдайым мемлекеттің көмегі мен қамқорлығына сенуіне болады. Отан қорғау – әрбір

азамат үшін биік мәртебе. Сондай-ақ бұл – туған елдің, болашақ ұрпақтың алдындағы үлкен жауапкершілік. Сіздер еліміздегі бейбіт өмірді, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Өз ісінің нағыз шебері атанып, мінсіз қызмет атқарып келесіздер. Ортамызда анттына адал болып, ел қауіпсіздігі үшін басын қатерге тіккен бейбіт күннің батырлары бар. Олардың ерлігі, шын мәнінде, барша халыққа, әсіресе, жастарға үлгі-өнеге» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



## БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен шағын және кеңейтілген құрамда кездесу өткізді. Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, соның ішінде өзара тауар айналымын арттыруға, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және цифрландыру салаларындағы қатынастарды дамытуға баса мән берді.



«Қазақстанда тәжік халқына ерекше құрметпен қарайды, сондай-ақ достық, бауырластық және өзара қолдау рухындағы ынтымақтастығымызды нығайтуға айрықша мән береді. Сондықтан бұл сапар өте маңызды. Жаңа ғана сіздің сапарыңызды тарихи сапар деп атап өттік. Өйткені ол елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығарады. Екі ел арасында одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияға қол қойылады. Бізді алда үлкен жұмыс күтіп тұр. Себебі одақтастық қарым-қатынас аясында жаңа стратегиялық жобалар жүзеге асырылады. Біз жаңа

ғана екі-үш ірі стратегиялық жоба әзірлеу қажет екенін айттық. Екі ел үкіметтеріне осы міндетті жүзеге асыру жөнінде тапсырма бердік. Жақын арада екіжақты қарым-қатынас жаңа деңгейге көтеріледі деп ойлаймын. Мемлекеттеріміз арасында барлық деңгейде сенімді саяси диалог жолға қойылған. Біз Орталық Азияның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, бірнеше халықаралық құрылым аясында өзара іс-әрекет жүргіземіз. Екі ел арасында түрлі сала бойынша 100-ден аса келісімшарттан тұратын маңызды келісімшарттық-құқықтық база бар.

Бүгін бұл тізім жаңа келісімдермен толығыды» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-тәжік қатынасының ерекше саласы саналатын мәдени-гуманитарлық байланыстар дәйекті түрде нығайтып келеді.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон Астанаға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол шағын құрамдағы келіссөздің нәтижелі болғанын және бірлескен жобаларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті.

«Біз Қазақстанмен арадағы өз-

ара тиімді ынтымақтастыққа баса мән береміз. Стратегиялық серіктестік қағидаттарына негізделген тәжік-қазақ қатынастарының барлық бағытын дәйекті түрде дамытуға ниеттіміз. Бүгін біз тарихи құжатты – Одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияны қабылдаймыз. Бұл құжат екіжақты байланыстардың іргетасын айтарлықтай нығайта түседі. Дипломатиялық қатынастар орнаған отыз жылда біз ынтымақтастықтың барлық саласында елеулі табысқа қол жеткіздік. Жоғары деңгейдегі тұрақты саяси диалог бұл үдеріске ықпал ететіні сөзсіз. Осы уақыт аралығында мемлекетаралық ынтымақтастықтың қажетті тетіктері жасалды және ауқымды құқықтық база қалыптасты. Біз оны бүгін жаңа құжаттар топтамасымен толықтырамыз. Сауда-экономикалық байланыстар біздің қарым-қатынасымыздың маңызды бөлігі саналады. Қазақстан бірнеше жылдан бері Тәжікстанның сыртқы сауда құрылымында жетекші орынға ие. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Тәжікстанға ресми сапарыңыз барысында жыл сайынғы тауар айналымы алдағы уақытта 2 миллиард долларға жеткізу жөнінде уағдаластық. Бұл міндеттің жоспарлы түрде жүзеге асырылып келе жатқаны қуантады. Быттыр екі ел арасындағы тауар айналымы шамамен 1,5 миллиард долларға жетіп, 20 пайызға артты. Бүгінде Қазақстан Тәжікстанның сауда серіктестерінің арасында екінші орында тұр» деді Тәжікстан Президенті.

Келіссөздердің нәтижесінде бірқатар құжатқа қол қойылды.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек апта сайын азаматтарды жеке қабылдайды. Әкімнің қабылдауында болған азаматтар, негізінен, әлеуметтік нысандар салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, елді мекендерді дамыту, жұмысқа орналастыру секілді мәселелерді көтереді.

## ӘКІМ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



«Абаттандыру маусымын ескерер болсақ, қазір қала тұрғындары жолдарды, тротуарларды, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді салу және жөндеу мәселелерін көтеріп жатыр. Бұл жұмыстың бәрі қазір жүріп жатыр. Мәселен, биыл 70-тен астам көше жөнделіп, 300-ге жуық көше ағымдағы жөндеумен қамтылады. Сонымен қатар, қаланың барлық ауданын аула аумақтарының құрылысымен қамтып, көгалдандыруға ерекше көңіл бөлеміз.

Биыл қалада 40 мыңға жуық жұмыс орнын (оның ішінде ШОБ есебінен) құруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, «JOLTAP» жұмысқа орналастыру жобасын іске қосамыз. Проблемалардың шешілуін бақылауда ұстаймыз» деп жазды елорда басшысы өзінің әлеуметтік желідегі жазбасында.



## БҮКІЛАРМИЯЛЫҚ КЕҢЕС

5 МАМАҒЫР, 2023 Ж.

дарттарға сай болуға тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасын нығайту керек. Сондай-ақ оқу бағдарламасын заман талабына сай бейімдеу қажет. Әскери мамандар даярлау үшін басқа да жоғары оқу орындарының мүмкіндігін кеңінен пайдаланған жөн. Ректорлар студенттердің жауынгерлік дайындығына тікелей жауапты болуға тиіс. Әскери қауіпсіздік мәселесі ғылыми тұжырымға сүйенуі керек. Яғни ғылыми-зерттеу жұмысына басымдық беру қажет. Әскери оқу орындары қорғаныс саласындағы кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскери қызметтің беделін және жауынгер мәртебесін арттыру қажеттігіне тоқталып, әскери қызметшілердің әлеуметтік тұрғыдан қамтылу мәселесіне ерекше назар аударды.

– Ел тыныштығын қорғайтын әрбір жас маман өз қызметін мақтан етуі керек.

жүйесіне көшкен кезде осыны ескеруге тиіс, – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ерлігі мен жаңқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қосқан үлесі үшін бірқатар әскери қызметшіні марапаттады.

Атап айтқанда, III дәрежелі «Айбын» орденімен Ұлттық қауіпсіздік комитеті І Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің аға нұсқаушысы Бабақұлов Қуаныш Исабекұлы марапатталды. «Ерлігі үшін» медалі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6654 әскери бөлімінің взвод командирі Лисбаев Байсейіт Жәнібекұлы мен Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Рахматалиев Данияр Тілекбайұлына табысталды. «Жауынгерлік ерлігі үшін»

# ҚУАТТЫ АРМИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – қастерлі борыш. Батыр бабаларымыз ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз. Ел іші тыныш, қоғам тұрақты болса, жасампаз әрі өркениетті мемлекетке айналамыз. Яғни, дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, бейбітшілік және тыныштық керек. Қарулы Күштеріміз осы қастерлі құндылықтарды қорғауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бүгінде заманның күнде құбылып жатқанына және әлемде жаппай қарулану белең алғанына назар аударды.

– «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөз бар. Қазіргі күрделі кезеңде армияның рөлі күшейе түсті. Армия егемендігімізді қорғауға әрдайым дайын болуы қажет. Оның кәсіби дайындығы, заманауи қару-жарақпен, озық технологиямен жабдықталуы басты факторға айналды. Әскердің білікті болуы және ұтқырлығы ұрыс нәтижесіне тікелей әсер етеді. Армия осы талапқа сай болса, өз міндетін ойдағыдай атқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жоғарғы Бас қолбасшы күштік құрылымдардың жаңа талапқа сай болуы қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, қазір арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы құрылды. Сондай-ақ десанттық-шабуылдаушы әскердің қарым-қабілетін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр.

– Аумақтық қорғаныстың әлеуеті күшейтілуде. Азаматтық қорғаныс бөлімшелері құрылып жатыр. Арнайы жасақ бөлімдерін дамыту ісі тың қарқынмен жалғасуда. Осы жұмыстың

бәрін уақытылы аяқтау керек. Олар біртіндеп қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуде тиіс. Мемлекеттік органдардың тығыз қарым-қатынаста болуы өте маңызды. Сонда ғана біз кез келген қауіп-қатерге төтеп бере аламыз. Қуатты армия – тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев армияны технологиялық тұрғыда жаңғырту жұмысы жалғасатынын атап өтті. Оның пайымынша, жаңа үлгідегі қару-жарақтың және техниканың, әсіресе дәлдігі жоғары қарулардың, ұшқышсыз басқарылатын техника мен роботты кешендердің үлесін арттыру қажет. Сондай-ақ әскеріміз ұтқыр болу үшін тасымалдаушы ұшақтардың және ұрыс көліктерінің санын көбейткен жөн деп есептейді.

– Ақпараттық жүйелер мен озық технологияны енгізу – маңызды міндет. Шешім қабылдау тиімділігін арттыруға және жауынгерлік бөлімшелердің әлеуетін арттыруға ерекше назар аудару керек. Бұл әскерді пайдалану тиімділігін айтарлықтай жақсартады. Армиямызды толыққанды қаруландыруда және жаңғыртуда отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешені маңызды рөл атқарады. Үкімет әскери өнімдер мен қызмет түрлерін кеңейту үшін барлық шараны қабылдауға тиіс. Тағы бір өзекті мәселе – зауыттардың және әскери бөлімдердің техниканы жөндеу мүмкіндігін арттыру. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз жоғары, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жауынгерлік дайындық жүйесін жетілдіруді келесі бір мәселе ретінде

атап өтті. Сондай-ақ маңызды халықаралық тәжірибені жан-жақты зерттеп, озық үлгілерін белсенді түрде қолдануымыз керек екенін айтты.

– Қазіргі заманда әбден машықтанған сарбаздар ғана тиімді ұрыс жүргізе алады. Сондай-ақ сардарлардың біліктілігі айрықша рөл атқарады. Әсіресе, орта және төменгі буындағы басшылардың кәсіби дайындығы жоғары болуы шарт. Олардың дербес шешім қабылдау қабілеті және бастамашылдық қасиеті өте маңызды. Әскер басшылары қабылдаған шешіміне жауап беруден қорықпауға тиіс, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Жиында әскери білім және ғылым жүйесін дамыту мәселесіне де баса мән берілді.

– Әскери академиялар, институттар әлемдік стан-

дарттарға сай болуға тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасын нығайту керек. Сондай-ақ оқу бағдарламасын заман талабына сай бейімдеу қажет. Әскери мамандар даярлау үшін басқа да жоғары оқу орындарының мүмкіндігін кеңінен пайдаланған жөн. Ректорлар студенттердің жауынгерлік дайындығына тікелей жауапты болуға тиіс. Әскери қауіпсіздік мәселесі ғылыми тұжырымға сүйенуі керек. Яғни ғылыми-зерттеу жұмысына басымдық беру қажет. Әскери оқу орындары қорғаныс саласындағы кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әскери қызметте болу үлкен абырой саналуға тиіс. Біз бұған қажетті барлық жағдайды жасаймыз. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Әскери борышын өтеп келген азаматтар енді жоғары оқу орнына жеңілдікпен түседі. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиеден тәуелсіз болуы міндетінен уақытша босатылады. Сондай-ақ олар өздері қаласа, армия қатарынан нақты мамандық алып шығады. Жалпы, сарбаздарды әлеуметтік қолдау шараларын мейлінше көбейту қажет. Әскерде жүрген жастарымыз нағыз сарбаз, нағыз маман болып шығуы – міндет. Олар өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскери қызметшілерге жақсы жалақы төленуі керек. Үкімет күштік құрылымдарға еңбекқақы төлеудің бірыңғай

медаліне Қорғаныс министрлігінің 19033 әскери бөлімі минасыздандыру бөлімшесінің командирі Алдабергенов Мейір Салқынбекұлы және Мемлекеттік күзет қызметінің жедел уәкілі Рамазан Дәурен Қайратұлы ие болды. Сонымен қатар жиында Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Айрықша мақсаттағы күштердің қолбасшысы Айтқұрман Омарбеков, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Ерлан Алдажұманов, Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов, Қарулы Күштердің ардагері Серікбай Оңбаев, әскери қызметші Оди Таласбаев сөз сөйледі.



### Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, елорда тұрғындары мен қонақтары!

Елордалық мәслихат депутаттарының атынан сіздерді Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Біздің мемлекетіміздің тарихында бұл мереке ерекше орын алады. Бейбітшілік пен болашақ ұрпақтың амандығы үшін өз өмірін сарп еткен жауынгерлердің үлесіне орасан зор сынақтар түсті. Біздің жерлеріміз де майданда соғысып, тылда еңбек етіп, Жеңіске лайықты үлесін қосты.

Біз үшін ата-бабаларымыздың тарихтағы ерлігі өте қымбат, ардагерлеріміз бен тыл еңбеккерлеріне құрмет білдіреміз.

Отанды қорғау үшін өшпес ерлік жасаған майдандас әртүрлі ұлт өкілдерінің бауырластығына тағзым етеміз.

Баршаңызға денсаулық, бейбітшілік және береке тілеймін!

Жерімізде ешқашан соғыс болмасын! Өмірімізде келісім мен тұрақтылық үстем болсын!

### Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Астана қаласы мәслихаты депутаттарының атынан сіздерді Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын!

Біз тәуелсіздік, бостандық, қауіпсіздік, бейбіт аспан кепілі болып табылатын өз әскерімізді мақтан тұтамыз.

Қазақстанның Қарулы Күштері дамып, күшейе түсуде.

Отан алдындағы қасиетті борышын орындап жүрген Отан қорғаушыларға шексіз құрмет пен шынайы алғысымызды білдіреміз.

Бүгінде жас әскери қызметшілер әкелері мен аталарының ісін жалғастыруда, мемлекеттің қауіпсіздігімен ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі табиғи апаттармен байланысты төтенше жағдайлар кезінде де азаматтық борышын өтеуде.

Қорғаушыларымызға зор денсаулық, отбасыларына амандық, бақыт, қызметінде табыс тілеймін!

Құрметпен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы  
Ерлан КАНАЛИМОВ



**Ж**ыл сайын Қарулы күштер, Ұлттық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі,

Төтенше жағдайлар министрлігі, Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметін өтеуге мыңдаған сарбаз аттанады. Жергілікті Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер мен басқармалардың басты мақсаты – әскерге шақыру ісін сапалы жүзеге асыру.

Биылғы көктем науқанында Астана қаласынан 1024 адам әскер сапына аттанбақ. Оның ішінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне – 199 адам, Қарулы күштерге – 457 адам, Ұлттық ұланға – 360 адам, Мемлекеттік күзет қызметіне 8 адам шақырылады.

Өткен жылғы күзде Астана қаласы бойынша әскерге шақыруға 800 адам жіберу көзделіп, бұл жемені 1040 адамға жеткізіп, асыра орындадық. Нәтижесінде республика бойынша әскерге жөнелту жұмысының қорытындысы бойынша алдыңғы қатарлы үштіктен табылды. Көктемгі әскерге шақыру науқанын елордада жаңа мекенжай бойынша жүргізіп отырмыз.

Астана дамыған сайын аудандардың да, халықтың да саны көбейіп келеді. Қалалық әкімдіктің шешімімен Республика даңғылы, 54 мекенжайындағы алты қабатты әулім ғимарат беріліп, Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа аудандарының шақыру пункттері мен қалалық жиын пунктін бір жерге шоғырландыру мүмкіндігі оңтайлы шешілді.



Бұл әскерге шақырылушыларды тасымалдауға кететін шығынды қысқартуға және уақыт үнемдеуге тиімді болып отыр.

Қазір әскерге шақырылуға тиісті ер-азаматтарды хабардар ету жұмысы дербес шақырту қағазын жолдау арқылы жүзеге асырылады. Шақырту қағазы олардың тұрғылықты мекенжайына немесе жұмыс орындарына жеткізіледі. Осы процесті автоматтандыру мақсатында 2021 жылдан бастап әскерге шақырылушыларды SMS-хабарлама жолдау арқылы да хабардар ету жүргізілуде.

## ЕЛДІҢ СЕҢІМДІ ҚАЛҚАНЫ

Отанды қорғау қашан да әр азаматтың негізгі мұраты мен қасиетті парызы болып саналған. Отыз бір жыл ішінде Қазақстан Қарулы күштері ел тәуелсіздігінің берік тірегі болып қалыптасты. Әрине, ол оңай болған жоқ, әскери құрылыс барысында талай күрделі кезеңдер де болды. Бірақ соның бәрін еліміз еңсере білді.



Осыдан бірнеше жыл бұрын Астанада он әскерге шақырылушыны хабарландыру үшін қызметтік автокөлікпен екі-үш қызметкер он-он екі литр жанармай жұмсап, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша іздеуші еді. Соның өзінде он

алады және оның сұрақтарына толық жауап беріледі. Ол үшін әрбір Қорғаныс істері департаментінде «Қарулы күштер – адалдық алаңы» атты жобалық кеңсе жұмыс істейді. Әлеуметтік желіде де электронды пошталар мен ресми аккаунттар ашылды.

Биылғы үлкен жаңалықтың бірі – мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге кредиттік қаниқұлдар беру жөніндегі іс-шараларды іске асыру аяқталды. Республика бойынша бүгінде 3,4 мың әскери қызметшіге 4,9 мың қарыз бойынша негізгі борыш пен сыйақыға қатысты төлемдер кейінге қалдырылды.

Айта кету керек, Қорғаныс министрлігі Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттікпен бірлесіп, мерзімді әскери қызметтен өтудің беделін арттыру мақсатында 2022 жылғы 5 желтоқсанда мерзімді әскери қызметке шақырылған, банк қызметі бойынша қарыз алушылар (қосалқы қарыз алушылар, кепілгерлер, кепіл берушілер) ретінде саналатын әскери қызметшілердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесінде өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Екінші деңгейлі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардағы қарыздар мен микрокредиттерге қызмет өткергеннен кейін 2 жыл ішінде жоғары оқу орындарына ҰБТ-сыз, байқауға қатыспай түсу мүмкіндігі (ақылы негізде) қарастырылған.

Сондай-ақ еліміздің 40-тан астам жоғары оқу орындарымен мерзімді әскери қызметтен өткен 3000 орынды білім беру секторында үздіктерге беруді көздейтін келісімге қол қойылды. Әскери кафедраларға конкурстан тыс түсу мүмкіндігі де қарастырылады. Оқу орталықтары арқылы мерзімді әскери қызметшілерді мемлекеттік үлгідегі тиісті куәліктер бере отырып, әскери-есептік мамандықтар бойынша даярлау жүзеге асырылады.

Осындай жаңашылдықтар мемлекеттік органдармен, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібінің «Smart Data Ukime» ақпараттық-талдау жүйесімен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырудың арқасында мүмкін болды.

Бұдан бөлек, жақын арада міндетті әскери есепке қоюды және одан шығаруды жою іске асырылады. Яғни тұрғылықты жерін ауыстырған кезде әскери міндетті мен әскерге шақырылушыны есепке қою және одан шығаруды тұрғылықты жері бойынша тіркеп, автоматты түрде іске асырылады. Тағы бір жайт, әскерге шақырылушыларға тіркеу туралы куәлік және әскери қызмет өткермеген адамдарға әскери билет беру тоқталады. Яғни әскери билет тек әскери қызмет өткерген азаматтарға ғана беріледі.

Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен Отан алдындағы борышын абыроймен орындап, отбасына оралған сарбаздарды салтанатпен қарсы алу дәстүрге айналды деуге болады. Ондағы мақсат – жастардың бойында отансүйгіштік рухты сіңіру, әскери қызметтің оң беделін одан әрі арттыра түсу.

Күні кеше 2 мамырда «Астана-1» теміржол вокзалының перронында мерзімді әскери қызметін аяқтаған ҚР ҚК Әскери-теңіз күштерінің 40 матросын салтанатты қарсы алу шарасы өткізілді.

**Медет ТҰРЫСКЕЛДИЕВ,**  
 Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, подполковник

## ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді мерейлі мереке – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл еліміздің Қарулы күштерінің құрылғанына 32 жыл толып отыр. Қарулы күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін. Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғау қызметінде айтулы үлес қосқанын біз әрқашан да мақтан тұтамыз.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек ісіне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып есетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз.

Қымбатты жерлестер! Мереке күні сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әр отбасына ізгілік пен игілік тілеймін. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!



**Сансызбай ЕСІЛОВ,**  
 Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Әскер беделін арттырып, абыройын асқақтата түсуге үлесін қосып жүрген әскери қызметшілер баршылық. Солардың бірі – елордалық 68665 әскери бөлімі «Алдаспан» арнайы мақсатта шабуылдау батальоны рота командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, аға лейтенант Есболат Малағаздар.

## АНТЫНА АДАЛ АҒА ЛЕЙТЕНАНТ

**Индира БЕРЖАНОВА**

Қазақстан Қарулы күштері Құрлық әскерлерінің құрамындағы 68665 десанттық-шабуылдаушы әскери бөлімі – Қарулы күштердің элитасы, Жоғарғы Бас қолбасшының резерві. Астана қаласындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, бейбіт және соғыс жағдайында қауіп төнген аймақтарға шұғыл жетуге және кенеттен туындаған тапсырмаларды орындауға жұмылдырылады. Шекараға жақын орналасқан әскерлерге көмек көрсетіледі. Бітімгершілік операцияларына қатысу миссиясы тағы бар. Мұндағы құрмет қарауылы ротасы сарбаздары елімізге сапарлап келген мемлекеттердің президентін, өзге де құрметті меймандарды күтіп алу сияқты ресми іс-шаралардың басы-қасында жүреді. Ал осындай маңызды міндеттерді мүлтіксіз орындап келе жатқан десанттық-шабуылдаушы бригадасының қатарынан табылу сарбазға зор қуаныш болса, қызмет етіп жүрген әскери қызметші үшін үлкен абырой.

Мұны жете түсінген Есболат Малағаздар бүгінде жаста болса бас болып, рота командирінің орынбасары деген лауазымды абыройлы атқарып жүр. Әскери қызметте төрт

жылдан астам уақыт жүрген ол бұл салаға кездейсоқ келген жоқ. Ұлы Отан соғысына қатысқан атасы Мәліғаздар Нәуешовтің қилы тағдыры мен қайтпас қайсарлығын, ерлігі мен батылдығын өзіне үлгі етті. Әскери борышын Германияда өтеген әкесінің де болмысына тамсанып, жолын қуып, әскери салаға нық сеніммен келді.

– Әскер – ел қорғаны. Әскери қызмет адамды әр қырынан шынықтырады. Өзім бұл саланы таңдағаным өкінемеймін. Ата-әке жолын қуғаннан кейінгі мақсат елдік мүдде жолында еңбек ету болатын. Отанға адал қызмет ету әрбір азаматтың борышы деп білемін. Оған қоса, мемлекеттің де қолдауы жұмысқа жігер береді, – деді ол.

Оның айтуынша, бүгінде десантты-шабуылдаушы бригадасының сарбаздар сапында сап түзеуді өзіне зор міндет тұтқан отандық жастарымыз аз емес. Қазірде 68665 әскери бөлімінде 400-ге жуық сарбаз бар. Дегенмен бұл қатардан табылу екінің біріне бұйыра бермейді. Талаптары жоғары. Бастысы – әрбір азамат Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті. Келешектің тұтқасы болар ер-азаматтарымыздың жасынан жігер-қайраты толысып, ширақ қимыл иесі атануы отбасыдағы тәрбиеден бастау алмақ.



**Х**асаин Қуанышқалиев өткен күндерді сағынышпен былай деп еске алады:

«Жасырмаймын, мектепте оқып жүргенде қиқар оқушы болдым. Мұғалімдерге «тәртібім» ұнамайтын. Сабақ үлгерімім де жақсы бола қойған жоқ. Бұл жағдай ата-анам да жететін. Сондай кезде әкемнің қатты ашуланғаны қас-қабағында тұратын. Бірақ қол көтерген емес. Ашуы қайтқан соң, бәрін ақылмен түсіндіруге тырысатын. «Жақсы оқысаң, ертең мықты директор боласың» дейтін еді. Ондағы ойы – ауыл шаруашылығы академиясына түсіріп, келешекте үлкен кеңсәрды басқарғанды көру әкемнің басты арманы болатын. Оның да өзіндік себебі бар еді. Әкем Құспан – Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер-танкист. Қан майданнан аман-есен оралған қаруластар әр жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күні міндетті түрде бас қосып, арқа-жарқа болып қалатын. Сондай сәтте менің болашағым туралы да әңгіме болады. Әкем мектептегі оқу үлгерімім мен тәртібім жайлы да жасырмай айтады. Соны естіген майдангер досы, ол кісі Мәскеудегі Ауыл шаруашылығы академиясының ректоры болатын, «Құспан дос, Хасаин 10-сыныпты қандай бағаға бітірсе де, еш алаңдамай маған жіберші, академияға міндетті түрде түседі, балам директор болады деген арманыңа да жетесің» деп сенімді сөз айтқаны есімде. Осыны естіген әкемнің көңілі шат болып, бір серпіліп қалғанмен, мен соншалықты қуана қоймадым. Себебі менің арманым – ұшқыш болу. Бірақ әкем «Егер сен сабақ үлгеріміңді түземесең, ұшқыштар даярлайтын оқу орнына түсу мүмкін емес» деп ауыл шаруашылығы академиясына баруым керек екенін тағы да бір есіме салатын».

Бала Хасаин 5-сыныпта оқып жүрген кездің өзінде «Болашақта міндетті түрде ұшқыш боламын» деп бел байлайды. Оның да өзіндік себебі бар.

– Он жастан енді асқан кезім. Бір күні қолыма Александр Покрышкиннің «Чистое небо» деген кітабы түсті. Автордың өзі Ұлы Отан соғысы кезінде ұшқыш болып, аспан төсіндегі талай шайқасқа куә болған екен. Осы сұрапыл соғыс жылдарында өзі де ерлігімен көзге түседі. Оның бұл кітабы патриотизмге, батырлыққа, ерлікке үндейді. Маған да ерекше әсер етті. Ұшқыш болуды қалағандымның мәнісі – сол, – дейді Хасаин Құспанұлы.

1969 жылы орта мектепті бітірген Хасаин бала күнгі арманынан айнымай, Армавир жоғары авиация училищесіне барады. Бұл оқу орнына құжаттарды қабылдамас бұрын қатаң медициналық тексеруден өту керек екен. Бала күнінен спортты серік еткен Хасаин бұл сынақтан сүрінбей өтетініне сенімді болған. Бірақ өкінішке қарай, олай болмады. Аяғындағы сынықтың орнын байқап қалған хирург «Училищеде оқуға денсаулығың жарамайды» деп кесіп айтады.

– Бала күнімде аяғымды оңдырмай сындырып алған едім. Сол уақытта төрт-бес ай қиналғаным болмаса, одан кейін спортпен шұғылданып жүргенде ауырсынуды байқағаным жоқ. Соны айтып едім, хирург құлағына да қыстырмады. «Мен космосқа алғаш ұшқан Юрий Гагариннің дәрігері болған адаммын.



Хасаин Қуанышқалиевтің туған жері Ресейде, Саратов облысының Наливная станциясы. Бұл – шағын ғана елді мекен. Ұл-қыздарының болашағын ойлаған ата-анасы бала Хасаин бес жасқа толғанда Урбах станциясына қоныс аударады. Бұл да Саратов облысында, халқы он мыңнан асып жығылатын, негізінен, теміржолшылар тұратын елді мекен. Осы жерде Хасаин мектеп табалдырығын аттайды.

## АСҚАҚ АРМАН АДАСТЫРҒАН ЖОҚ

Талабым сол – ұшқыш боламын деген адамның денсаулығында ешқандай кінәрат болмауы керек» деп айтқанынан қайтпайтынын аңғартты. Аяғымды оңды-солды сермеп, тіземді бүгіп, жаттығулар жасап, денсаулығымның жақсы екенін дәлелдеуге тырысқанымнан түк шықпады. Бірақ еңсем түскен жоқ. «Қайткен күнде де осы училищеге түсемін, бір жолы бар шығар» деп түпкі ойымнан күдер үзбедім. Училищенің маңында айналшықтап бес-алты сағат жүрдім. Өткен-кеткен адамдардан

кеңес сұрадым. Жүзі жылы бір кісі «Басқа жоғары оқу орнына түссең, егер қабылдау емтихандары сәйкес келіп жатса, онда училищеге ауысуға мүмкіндік бар» дегенді айтып қалды. Осыны естігенде қуанышым қойныма сыймай, алып-ұшып, құжаттарымды Саратов қаласындағы политехника институтының энергетика факультетіне тапсырдым. Жатпай-тұрмай дайындалдым. Мақсат – емтихандарды жақсы тапсыру. Сол ниетіме жетіп, студент атандым. Бірақ бар ойым



Иә, оны арманы адастырған жоқ. Училищеде төрт жыл оқыды. Алғашқы екі жыл теория түрінде білім алса, соңғы екі жыл – практика. 1973 жылы «Е-29» самолетімен аспанға бірінші рет көтерілді. Одан кейін «Миг-17»-ні «бағындырды». Тәжірибелі ұшқыштардан тәлім алды. Соның бірі – полктың бас инженері болған Сәкен Қайыровтың қазір Ақтөбеде тұратынын да айтып қалды.

Жуков атындағы жоғары әскери академияда Қазақстанның Қорғаныс министрі болған Мұхтар Алтынбаевпен қатар оқығанын мақтаныш етеді. Осы академияда қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен кездесіп, әңгімелескенін де жасырмайды. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов авиация саласында тәжірибелі, білімді мамандарды қызметке шақыруға тапсырма береді. Өйткені маман тапшы кез. Осы уақытта Хасаин Құспанұлы Луговойдағы, Семей мен Талдықорғандағы авиация полктарынан шақырту алады. Таңдау Талдықорғанға түседі. Осы орында полк командирі болып 7 жыл тапжылмай еңбек етеді. Одан кейін авиация полковнигі Қорғаныс министрлігінде жауапты қызметтер атқарып, құрметті еңбек демалысына шығады. Қазір елордада тұрады, немерелеріне «Отан қорғау – қасиетті парыз» екенін айтудан жалыққан емес...

Ғалым ОРЫНБАСАРҰЛЫ



## ЕРЛІК САБАҒЫ

Астана қаласындағы І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназияда Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне арналған әскери-патриоттық іс-шара өтті.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Мерекелік іс-шара мектептің кадеттер сыныбы оқушыларының сап түзеуімен, Мемлекеттік тудың енгізілуімен және Қазақстан Республикасы әнұранының орындалуымен ашылды. «Ұлы Жеңіс жаңғырығы» аталған салтанатты жиынға қатысқан оқушылар ұстаздарды, ата-аналар мен соғыс ардагерлерін мерекелермен құттықтады.

Мерекелік шара барысында мектептің «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының мүшелері өзінің әскери дайындығын көрсетті. Отан туралы өлең оқып, ән-күйден шашты.

«Осындай мағыналы іс-шара ұйымдастырып, оған ардагер ретінде бізді шақырғаны үшін мектеп ұжымына алғысымыз шексіз. Балалардың өнерін көріп еліміздің келешегі баянды болатынына көзіміз жетті. Біз де

жасөспірімдерге Отан қорғаудың маңызы, Ұлы Отан соғысындағы аталарымыздың батырлығы туралы айттық. Іс-шара ұрпақтар сабақтастығын көрсеткендей болды. Бұл – әскери-патриоттық тәрбиенің көрінісі» дейді мерекелік іс-шараға қатысқан ауған соғысының ардагері Құдабай Шотанов.

І.Жансүгіров атындағы мектеп-гимназиядағы іс-шара оқушылардың да, ардагерлердің де көңілінен шыққаны аңғарылды.





Таңатар  
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

1941 жылдың 22 маусымында басталып, 1418 күнге созылған сұрапыл майданға Қазақстаннан 1 млн 200 мың жауынгер аттанған. Олардың 600 мыңы қайтып оралмаған. Ал жеңіспен елге аман-есен жеткен 105 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алып, кеудесіне «Алтын жұлдыз» қадаған. Тіпті Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағын екі реттен, ал Шымкентте орналасқан Чуғуев әскери авиация училищесінің түлегі Иван Кожедуб үш мәрте алды.

Құдайберген Сұрағанов (1947 жылы) пен Сабыр Рахымовқа (1965 жылы), Бауыржан Момышұлына (1990 жылы)

# ЕРЛІК ДАНҚЫ ӨШШЕЙДІ

Жиырма миллионнан астам кеңес әскерінің өмірін жалмаған Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс басқыншыларына қасарыса қарсы тұрып, өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен қаншама қазақстандықтың сүйегі жат жерде қалды. Кейінгі ұрпақ енді олардың әруағына тағзым етіп, батырлығы мен өжеттігін үлгі тұтуы тиіс.

қаһармандығы үшін бұл ең жоғары атақ кейінірек берілді.

Шығыстан шыққан қос жұлдыз, Кеңес Одағының Батырлары, пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген қыз Әлия Молдағұлованың да ерлігін мақтан

тұтамыз.

Қазақстанда 21 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге тарта жекелеген полк батальоны жасақталды. Солардың қатарында Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының жауынгерлері де бар еді. Олар 1941 жылы Алматы қаласында жергілікті ұлт өкілдерінен құрылып, соғысқа аттанды. Сол жылы қазан-қараша айында Мәскеу түбіндегі қорғаныс кезінде Волоколамск бағытын қорғауда асқан ерлік көрсетті. Мәскеуді қорғауда И.Панфилов басқарған дивизияның батальон командирі, қазақ халқының ержүрек ұлы Бауыржан Момышұлының және 28 панфиловшы-батырлардың даңқы шықты.

Авиация генерал майоры, екі мәрте Кеңес Одағының

Батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов «Илюша» ұшағымен шығыстан шыққан жалғыз ұшқыш ретінде 1942 жылы майданға аттанады. Ол көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысты. Талғат мінген ұшақты жау жағы «қара ажал» деп атаған екен.

«Гитлердің үйінде» барлау взводының командирі, лейтенант Рақымжан Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл ту тігу туралы тарихи жауынгерлік бұйрық берілді. Жалауды оған батальон командирі Давыдов және саяси жетекші Васильченко табыс етті. Рейхстагқа дейін арақашықтық 360 метр еді. Бірақ жан-жағы жауып тұрған оқ. Лейтенант Қошқарбаев өзінің солдаттарымен бұл қанды метрлерді 7 сағатта жерге жабыса еңбектеумен өтті. Сөйтіп ол Григорий Булатовпен бірге Рейхстагтың фронтонына ту тікті. «Халық қаһарманы» атағы Рақымжан Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді.

Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге келген Сағадат Нұрмағамбетов

1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Осыдан кейінгі екі жыл бойы пулемет взводының, пулемет ротасының командирі, 5-екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты. 1945 жылы 27 ақпанда Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы батылдықпен орындап, көрсеткен ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазақстан тарихындағы Жеңіс күні – бұл бабаларымыздың ерлігі мен батырлық даңқы айшықталған күн. Оларға елдің бас қаласы – Астанада ескерткіш орнатылды. Бұл күні болашақ үшін құрбан болған миллиондаған адамға тағзым ету – біздің азаматтық парызымыз.

## ҚАДІРЛІ АРДАГЕРЛЕР! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Баршаңызды Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл – Ұлы Жеңіске 78 жыл. Ешкім де, ештеңе де, ешқашан да ұмытылмайтыны ақиқат. Сұрапыл соғыс жылдары бізден алыстаған сайын оның маңызы биіктей түсуде. Отан үшін кеудесін оққа тосып, жанын пидаткен жауынгерлерімізді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің ең басты парызымыз. Өйткені Ұлы Жеңіске біз батыр әкелеріміз бен аталарымыздың қаһармандық ерлігінің, тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі. Бұл кастерлі Жеңіс күні – аға ұрпақтың өшпес ерлігі мен ерен еңбегінің мәңгілік символы.

Баршаңызға зор денсаулық, шаңырағыңызға шаттық пен бақыт тілеймін! Мереке құтты болсын!

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

## ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Жеңіс күні – бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Бұл тек сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғыста Жеңісті жақындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні деп тойласақ та, оның салмағының ауыр болғанын бүгінгі ұрпақ ешқашан да ұмытпауы тиіс. Кеудесінде жарқыраған орден-медальдарын тағып, анадайдан көзге оттай басылатын ардагер ағаларымыз бұл күнді асыға күтеді. Бұл күн, Жеңіс күні болуымен қатар, соғыстан оралмаған үзеңгілес қатарларын еске алып, жанарынан тамған жас тамшылары өткен күннен белгі беріп тұрғандай.

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы ерлеп, жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін!

Сансызбай ЕСІЛОВ,  
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

## ЛАТОШИНКАДАН ТАБЫЛДЫ

Астана қаласының байырғы тұрғыны, еңбек ардагері Бақыт Қырғызбаева Ұлы Отан соғысына аттанып, із-түзсіз жоғалып кеткен атасының қай жерде жерленгенін тапты.



Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Ақмола облысының Қорғалжын әскери комиссариатынан 1942 жылы шақырылған ағайынды Хасен мен Нұркен Досмағанбетовтер бірден Сталинград майданына жіберілген. Олар бұрынғы Украинаға, қазір Ресейдің Волгоград облысына қарайтын Латошинка селосында болған. Көп ұзамай екеуінен де хабар-ошар үзілген. Кейіннен елге із-түзсіз жоғалды деген ақпарат келген. Бұл азаматтар Бақыт Досмағанбетованың әкесінің туған інілері еді. Бала кезінен осы аталарының соғыста жоғалып кеткенін естіп өскен Бақыт Сағиденқызы бергінде іздеуге кіріседі. Содан интернет арқылы Хасен Досмағанбетовтің Волгоград түбіндегі Латошинка селосында жерленгені туралы ақпарат алады.

2018 жылы Бақыт апай Айзада немересіне серік болып

Украинада өткен халықаралық би конкурсына барады. Бір демалыс күнді пайдаланып Латошинкаға баруға шығады, алайда ол жерге тиісті құжатсыз адам жіберілмейді екен. Жергілікті әскери комиссариаттан немесе Сыртқы істер министрлігінен қағаз талап етеді. Осылайша Бақыт апа атасының жатқан жеріне жете алмай қайтады.

Ұзақ жылдар Астана қаласының дезинфекциялау стансасында жұмыс істеп, зейнет демалысына шыққан Бақыт апа бүгінде тиісті қағаздарын түгендеп қойыпты. Нұркен атамның да жатқан жерін іздестіре беремін дейді. Аталарымыздың басына барып, бейітінен топырағын ауылға әкеліп, құран оқытамын деп отыр. Біз болсақ апаның ақжарма тілеуінің орындалуына қолдау білдіріп, ақ жол тіледік.

Бақыт апаның тірлігіне қарап мындаған қазақтың басына қайғы-қасірет әкелген соғыстың жаңғырғы әлі басылмағанын аңғардық.



# АҚМОЛАДА ЖАСАҚТАЛҒАН

## ӘСКЕРИ ДИВИЗИЯЛАР (ҚҰРАМАЛАР) ҚАЙ ӨҢІРДЕ ҰРЫС САЛДЫ?

Екінші дүниежүзілік соғыстың дауылды дабылы – таусылмас дастан. Бұл соғысты көзімен көріп, мойнымен көтерген ерлеріміздің ерлігі, сол сұрапыл кезеңнің қырлары мен бар сыр-сипаты тарих төрінде, жыл сайын айтылып, жазылып, көрсетіліп келеді.

1939 жылы қыркүйекте басталған Екінші дүниежүзілік соғысқа әлем халықтарының 80 пайызы қатысқан, соғысқа 60-тан аса мемлекет тартылып, 40-тан аса мемлекеттің жері соғыс өртіне оралған. Аталмыш соғыс тарихын зерттеуші ғалымдар зерттеулерінде Кеңес

гельдинов, Кеңес Одағының Батыры, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллин, Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров туралы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің орталық архивінде (ЦАМО) сақталған

387-атқыштар дивизиясы. Әскери ант қабылдауы



Одағы Қарулы күштерінің құрамында 35 млн адам, оның 1 млн 366,2 мыңы – қазақстандықтар, еңбек армиясындағы 700 мыңнан аса адамның 200 мыңнан астамы қазақтар екені айтылады.

Ұлы Жеңіске қол жеткізуде Ақмола өңірінің халқы да өз үлестерін қосты.

Ақмола қаласы соғыстың бастапқы күнінен-ақ жауынгерлік бөлімдерді жасақтау орталығының біріне айналды. Аса қысқа мерзімде 310-387-атқыштар дивизиясы, 72-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 106-атты әскер дивизиясы Ақмола жерінен майдан даласына аттанды. Ақмолада жасақталған әскери бөлімшелер мен дивизиялардың құжаттары, әскери операциялар, жан алып, жан беріскен қиян-кескі соғыс оқиғаларының толық хронологиясы, жеке жауынгерлер туралы мәліметтері, тарихи формулярлар мен соғыс әрекетіндегі журналдар, әскери әрекеттердің карталары, майдандар бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқандардың тізімдері, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Би-

архив деректерінің көшірмелері Астана қаласының мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Орта Азия әскери округінің Әскери кеңесі 1941 жылы 15 шілдеде Ақмолада әскери уақыт талабымен 310-атқыштар дивизиясын жасақтау туралы №1 бұйрыққа қол қойды. Жауынгерлер мен офицерлер құрамын жасақтау және жауынгерлерге тез арада оқу-жаттығу жүргізуге бір ай уақыт берілді. Жауынгерлер Ақмола облысының дихандары мен малшыларынан, завод, фабрика жұмысшылары мен интеллигенцияларынан, Қарағанды шахтерларынан жасақталды.

Офицерлер құрамының 15-17% кадрлық бөлімнен, көпшілігі Алматы әскери училищесінің түлектері болатын.

Алғашқы дивизия командирі Никифор Матвеевич Замировский болды.

30 шілдеде дивизияның алғашқы бөлімдері әскери ант қабылдады. 1941 жылы 17 тамызда дивизия толық жасақталып, киім-кешек, қару-жарақ 80% беріліп, 17 эшелон майданға аттанды. Жетіспеген материалдық бөлігі жолда

және Тихвин станциясында толықтырылды.

310-атқыштар дивизиясының құрамында 40%-і – қазақтар, 30%-і – орыстар, 25%-і – украиндар, 5%-і басқа ұлттардың өкілдері болды.

310-атқыштар дивизиясы Ленинград, Волхов, Карел, 2-Белорусь майдандары құрамында фашист басқыншыларына қарсы шайқастарға қатысты. 1944 жылы Новгород қаласы үшін сәтті шабуылдаған шайқастарды жүргізгені үшін Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңес Одағының маршалы Сталиннің бұйрығымен дивизияға «Новгород» атауы берілді. Бұл дивизия Карелияны, Польшаны азат етуге, Шығыс Помераниядағы жау тобын талқандауға және Берлин операциясына қатысты. Дивизия Қызыл Ту және Ленин ордендерімен марапатталды.

310-атқыштар дивизиясы майданға аттандырылған соң, 1941 ж. тамызда Ақмола қаласында 387-атқыштар дивизиясын құру туралы бұйрық (11.08.1941 ж. №2/539008) келеді. Бұл жолы әскери жауынгерлік дайындыққа 2,5 ай уақыт беріледі, 1941 ж. 20 тамыздан 6 қарашаға дейін дивизия толық жасақталып, 6, 7 және 8 қарашада Ақмола қаласынан 15 эшелон, соңынан 14 қарашада тағы 14 эшелон Пенза темір жолымен Батыс майдан құрамындағы Мичуринск қаласының аудандарына қорғаныс шебін құруға аттанады. Дивизия Новочеркасск, Севастополь, Қырым қалалары үшін болған ұрыстарға қатысады. 1944 жылы 24 сәуірде Перекоп шетіндегі шабуыл операциясындағы ерлігі үшін Жоғарғы Бас қолбасшының №0102 бұйрығымен



106-атты әскер дивизиясы. Ақмола қ. 03.04.1942 ж.

**ЖАУЫНГЕРЛЕР АҚМОЛА, ПЕТРОПАВЛ, ҚОСТАНАЙ, ҚАРАҒАНДЫ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН, ПАВЛОДАР ОБЛЫСТАРЫНАН ЖИНАЛҒАН**

оған «Перекоп 387-атқыштар дивизиясы» деген атақ беріледі.

1941 ж. 4 желтоқсандағы Орта Азия әскери округінің №00121 бұйрығымен 25 желтоқсанда Ақмола қаласында 459-атқыштар дивизиясы құрыла бастайды. Бірақ 1942 жылғы 18 қаңтардағы №004 бұйрықпен 29 нөмір беріледі.

29-атқыштар дивизиясын құруға және жауынгерлерді әскери дайындықтан өткізуге төрт айға жуық уақыт беріледі. Бұл, әрине, жауынгерлік құрамның сапасына айтарлықтай әсер етеді, оқу-жаттығу кезінде жауынгерлер шабуыл, қорғаныс, қарсы ұрыс, т.б. әдіс-тәсілдерді меңгеріп шығады. 1942 жылы сәуірдің басында Ақмола мен Қарағанды теміржол станцияларынан 29-дивизияның құрамалары эшелондарға отырып, Тула облысына бағыт алды. Дивизия 1942 жылы шілдеде

Сталинград бағытына ауыстырылады, жауынгерлер Сталинград шайқасына оқ пен оттың ортасына түседі.

Дивизия фашистерге адам күшімен де, техникасы жағынан да орасан зор зиян келтіре алды. 1943 жылдың 10-31 қаңтары аралығындағы фельдмаршал Паулос жауынгерлерімен көшедегі ұрыс кезінде 5200-ге жуық адам жойылды, 13 мыңнан астам неміс және румын солдатты мен офицері тұтқынға алынды, оның ішінде екі генерал бар. Қазақ жауынгерлерінің Сталинградты қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы 1 наурызда КСРО Халық комиссариатының №104 бұйрығымен 72-гвардиялық дивизия деген атақ беріледі. 1943 жылдың жазында дивизия Белгород түбіндегі Курск доғасындағы ұрыстарға қатысып, Харьков, Мерфа, Краснодар, Кировград қала-

лары үшін ауыр шайқастарды бастан өткерді. 1943 жылы 19 қыркүйекте Краснодар қаласын азат етудегі ерлігін есте сақтау мақсатында Краснодарская құрметті атағы беріледі. Кировградты азат еткені үшін 1944 жылы қаңтарда Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Бұл дивизия Румыния, Трансильвания, Венгрия, Австрия және Чехословакияны фашистерден азат етуге қатысты.

1942 жылы наурыз-сәуір айларында жасақталған 106-Кавалериялық дивизия 28 сәуірде Ақмола қаласынан шығып, Харьков түбіндегі Савинцы теміржол станциясына 12 мамырда жеткен. 106-Кавалериялық дивизия туралы нақты деректер болмағандықтан, күні кешеге дейін ресми мойындалмай, ұрысқа қатысқаны жоққа шығарылып келген еді.

Кейін табылған архив деректері бойынша, дивизияда аттылы 4092 адам, қару-жарағы 102 винтовка, 68 миномет, 3100 қылыш болған екен.

Жауынгерлер Ақмола, Петропавл, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарынан жиналған. Қазақ сарбаздары атпен неміс танкілеріне және пулеметтерге шабуылдаған. Жау оларды төбесі биік сайға қарай ықтырып, сайдың түбінде жиналған салт атты қазақ сарбаздарына оқ жаудырған.

Харьков облысының Краснодар ауданының елді мекендеріндегі ұрыс алаңдарын және бауырластар зираттарын зерттегеннен кейін, 200-ден астам кавалерист сарбаздың есімі жаңғыртылды.

Аңызға бергісіз ерлік жасаған Ақмола құрамаларының тарихы терең, айтылмаған ақиқат әлі де бар.

**Ғазиза ИСАХАН,**  
Астана қаласы мемлекеттік архивінің ғылыми-зерттеу және ақпараттық қызметінің басшысы



106-атты әскер дивизиясы. Ақмола қ. 05.04.1942 ж.

Шабуыл шебінде атты әскерлер.



310-дивизияның Треттов қаласындағы әскери парады. 1945 ж.











## БІРІНЕ БАҚ, БІРІНЕ БАП ЖЕТПЕДІ

Ташкентте әуесқой бокстан өтіп жатқан әлем чемпионатында Қазақстан ұлттық құрамасының екі боксшысы, өкінішке қарай, жарыс жолынан шығып қалды.

Алғашқы жекпе-жегінде айқын басымдылықпен жеңіске жеткен Талғат Сырымбетов (60 келі) екінші айналымда өткен жылы Азия чемпионы атанған иорданиялық Мохаммад Абу-Джаджехтен жеңіліп қалды. Алайда бокс мамандары бұл жекпе-жекте қазақ боксшысының жеңгенін айтады, олай болса, біздің боксшыға бір тұтам бақ жетпей қалды деуге болатын шығар. Сондай-ақ 63,5 келі салмақта үміт артқан Санатәлі Төлтаев та екінші кездесуінде Маврикия елінің боксшысынан айласын асыра алмады. Бұл жолы біздің жігіттің бабы жетпегендей көрінді.

Әзірге Ташкент шаршы алаңына шыққан қазақстандықтар арасынан Сағындық Тоғамбай (86 келі), Айбек Оралбай (92 келі) және Қамшыбек Қоңқабаев (+92 келі) алғашқы

айқастарында жеңіске жетіп, келесі айналымға өтіп қойды. Кеше күндізгі сессияда Серік Теміржанов (57 келі) бірінші жекпе-жегі өткізіп, Мали боксшысын тізе бүктірді. Ал кешке ағайынды Айбек пен Нұрбек Оралбайлар айқасқа шықты. Нұрбек әзербайжандық боксшысымен, ал Айбек болса, Италия чемпионымен қолғап түйістірді.

Ертең Санжар Тәшкенбай (48 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұт Сабырхан (54 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрқанат Райыс (75 келі) сынды жігіттеріміз айқасқа шығады.

100-аса елден 600-ге жуық боксшы қатысып жатқан байрақты бәсекеде 13 салмақ бойынша әлем чемпиондары 13-14 мамыр күндері белгілі болады.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Кеше Астанада халықаралық «Qazaqstan Hockey Open 2023» турнирі басталды.

5-7 мамыр аралығында өтетін турнирге Қазақстан, Ресей және Беларусь командалары қатысады. Қазақстан құрамасы кеше кешке алғашқы матчын Ресейге қарсы ойында қарсы өткізді. Ертең Беларусь құрамасымен шеберлік байқасады.

Бұл халықаралық турнир Қазақстан хоккейшілері үшін әлем чемпионаты алдындағы даярлықтың бір кезеңі ретінде қаралып отыр.

Ал 13 мамырда Қазақстан ұлттық құрамасы Финляндияның Тампере және Латвияның Рига қаласында өтетін әлем чемпионатында В тобындағы ойынын бастайды. Қарсыластары – Канада, АҚШ, Швейцария, Словакия, Латвия, Норвегия және Словения.

Қазақстандық хоккейшілер топтық кезеңдегі ойындарын Рига қаласында өткізеді.

05-08/05  
«ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ҰЛАНДАР»  
КӨРМЕСІ  
Сәкен Сейфуллин мұражайы

06/05  
18:00  
«ҚАН МЕН ТЕР. АҚБАЛА»  
ТРАГЕДИЯСЫ  
Қ.Қуанышбаев атындағы театр

07/05  
18:00  
«ОТАНЫМ – АМАНАТЫМ»  
КОНЦЕРТІ  
«Бәйтерек» монументі  
Мамыр  
Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

# НЕ? ҚАЙДА?

07/05  
12:00  
«ЖЕҢІС ЖОЛЫ» АШЫҚ АСПАН  
АСТЫНДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ  
Nomad City Hall

08/05  
19:00  
«ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ»  
ДРАМАСЫ  
Nomad City Hall

08/05  
18:00  
«EASTWEST IN ASTANA»  
КОНЦЕРТІ  
Qazaqstan ОКЗ

08-11/05  
«ҰЛЫ ЖЕҢІС БАТЫРЛАРЫ ЖӘНЕ  
ҚАСЫМ» ЭКСПОЗИЦИЯСЫ  
Сәкен Сейфуллин мұражайы

09/05  
18:00  
«ЖЕҢІС ӘНІ» МЕРЕКЕЛІК  
КОНЦЕРТІ  
Күләш Байсейітова атындағы  
Камералық зал

09/05  
19:00  
«ШАНЕЛЬ №5» ДЕРЕКТІ ДРАМАСЫ  
Музыкалық жас көрермен  
театры

09/05  
14:00  
«ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ –  
ҰЛЫ ҚҰРМЕТ»  
Есілдің жағасындағы Амфитеатр



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300  
Тапсырыс №53-54

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА